«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: _____ Л.Ө.Құлмаханбет

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары:
Келісемін: _____ С.К.Динасилов
_____ Г.Т.Ахатова

«__31__» ____08____ 2026 жыл
күні педагогикалық кеңесте қаралды

«Шардара» мектеп-лицейінің «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша

2026-2027 оқу жылына арналған жылдық жоспары

2026-2027 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейі коммуналды мемлекеттік мекемесінің «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы мекемелер мен бірлескен 2026-2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының

Ж ОС П А Р Ы

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту Министрінің
«30» шілде 2024 жыл №194
бұйрығына 11.12 .2025 жылғы
№ 281 бұйрық

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданы білім бөлімінің
басшысы
_____Ж.Мусатаева

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара АПБ-н бастығы
полиция майоры
_____Н.Елшібаев

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданының ішкі саясат
бөлімінің басшысы
_____Е.Әбдіразаков

КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданның мәдениет
және тілдерді дамыту, дене
шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы
_____Е.Айдаров

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданы жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің басшысы
_____Б.Таласов

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданы ТЖБ
бастығы азаматтық қорғау
подполковник
_____Д.Токшабаев

«КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданы« Жастар ресурстық
орталығы» КММ басшысы
_____М.Мусабеков

КЕЛІСЕМІН»
Шардара ауданды орталық
ауруханасының басшысы
_____М.Сеитханов

Scanned with CamScanner

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің
бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2024 жыл № 194
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің
бұйрығына қосымша «11» желтоқсан 2025 жыл № 281

Мектептегі тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында білім алушылардың бойында отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, еңбеккорлық, әділдік пен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық болмыс пен рухани мұраны дәріптеу, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын, саналы, парасатты, елжанды тұлға тәрбиелеу – **мектептегі тәрбие жұмысының негізгі өзекті бағыты.**

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қыркүйек – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **<u>Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық</u>**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту
Бастауыш мектеп түлегі:
мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;

Scanned with CamScanner

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация
Бастауыш мектеп түлегі:
командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет
Бастауыш мектеп түлегі:
шындықты айту;
достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

- ✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
Бастауыш мектеп түлегі:
өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

- ✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау
Бастауыш мектеп түлегі:
мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол

Scanned with CamScanner

жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

- ✓ **Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік:шығармашылық

Бастауышмектептүлегі:

қоршағанәлемдізерттеу,сұрақтар қою,эксперименттер жүргізу жәнеалынғанмәліметтернегізінде қорытындыжасай алу;
жаңаидеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емесшешімдерінкөружәнеолардыісжүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңатәсілдерментехнологиялардықолданудыталап ететін балаларжобаларынақатысуғадайын болу;
өзәрекеттерініңқоршағанәлемүшінмаңыздылығыменсалдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Scanned with CamScanner

I ТОҚСАН
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Білім күні «Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары – экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі» **Сынып сағаты**	, 11 сынып оқушыларына арналған салтанатты іс-шара	1-11 сынып жетекшілер	01.09.2026
2	**«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы»** (1, 5, 10-сынып оқушыларының бейімделу деңгейін бастапқы диагностикалау) **«Мектепке алғашқы қадам» – 1-сынып** **«Жаңа белес – жаңа орта» – 5-сынып** **Жаңа кезеңге сенімді қадам» – 10-сынып**	Анықтама	1, 5, 10-сынып жетекшілері	Қыркүйек Ай бойы
3				

Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!

4	**«Мейірімге толы мекенім»**	Сынып сағаты	1-11 Сыныптар	7.09.2026
5	**«Тілім менің ғасырларға аманат»** тілдер апталығы	Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктері	04.09.2026
6	**«Жолда жүру ережесін сақтайық!»** *(«Заң мен Тәртіп» аясында)*	интерактивті сабақ	1-4 сынып жетекшілері	10.09.2026

Scanned with CamScanner

7	**«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі**	Отбасы күніне арналған челлендж	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Мектеп парламенті, 1-7 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2-апта
8	**«Мейірімнен басталатын әлем»** отбасы күніне арналған апталық: «Отбасы FEST» -1 сыныптар «Family Time – бақытты сәттер»- 2-3 сыныптар	Түрлі іс-шаралар: челленджер, концерттік бағдарламалар, тренингтер, «Даналық мектебі» аясындағы іс-шаралары	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова мектеп парламенті, 10- сынып жетекшілері	Қыркүйек 2-апта
9	« **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Жеке оқу паспорты *(Өз қызығушылығына сай кітап таңдап, оқу мақсатын қою)*	Кітапхана меңгерушісі; А.Базарбаева 1-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2-апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/				
10	**ЭКО сағат: «Су – Қазақстанның байлығы: бағала, қорға, сақта!»**	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	14.09.2026
11	Құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды анықтауға арналған психологиялық тест, тәуекел тобындағы білім алушыларды анықтау *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	Тест	Пед. психологтар;Ф.Жумабаева	Қыркүйек 3-апта
12	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	Кездесу, дөңгелек үстел, профилактикалық дәріс	ДТЖЖО: С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова 8-11 сыныптар	Қыркүйек 3-апта
13	**Ата-аналар жиналысы** «Мектеп – оқушы – ата-ана: бір мақсат, бір жауапкершілік» 1-4 сынып «Мектеп – оқушы – ата-ана: табысты оқу жылының негізі» 5-8 сынып	№1 ата-аналар жиналысы	мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, мүдделі орган қызметкерлері, ата-аналар	18.09.2026

Scanned with CamScanner

	«Болашаққа нық қадам: мектеп, ата-ана және оқушының бірлескен жауапкершілігі» 9-11 сынып			
14	«Таза мектеп – таза орта» сенбілік *(«Таза Қазақстан» аясында)*	Экологиялық акция	мектеп әкімшілігі, ата-аналар, оқушылар	10.09-10.10.2026
Апта дәйексөзі: Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. /Абай/				
15	**Сынып сағаты** **«Еңбекқор бала – бақытты бала» 1-4 сынып** **«Адал еңбек – абыройлы өмір» 5-8 сынып** **«Кәсіп таңдау – болашақты таңдау» 9-11 сынып**	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілер	21.09.2026
16	***«Досыңды қолда!»*** тақырыбында «DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар **ЕБҚ оқушылармен жұмыс** ***1***	Ойындар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық іс-шаралар, тренингтік жаттығулар,дидактикалық ойындар, дөңгелек үстел және т.б.	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Тәлімгер: А.Сманова Дефектолог: Р.Кеңес 1-11 сыныптар	Қыркүйек 4-аптасы
Апта дәйексөзі: «Қартын сыйлаған ел – қазыналы ел» (28-30.09.2026)				
17	**Ата-әже – отбасының алтын діңгегі»** **Сынып сағаты**	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер 1-11 сыныптар	28.09.2026
18	**«Үнемдеу кеңестері», «Қаржылық сауатты мектеп оқушысының 5 ережесі»** тақырыбында (мектептен 1 видеоролик) видеоролик әзірлеу	Видеоролик әзірлеу, әлеуметтік желіге орналастыру	ҚББП: Г.Тұяқова Үйірме жетекшілері	Қыркүйек 5-аптасы
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні				

Scanned with CamScanner

25 Қазан – Республика күні
2 қазан – Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл (1926–1983)
15 қазан – Сайын Мұратбековтің туғанына 90 жыл (1936–2007)

Апта дәйексөзі: «Қартын сыйлаған ел – қазыналы ел» (01-02.10.2026)

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	**Сынып сағаты** **«Қартын сыйлаған ел – қазыналы ел»**	Сынып сағаты, кездесулер	1-11 сыныптар	01.10.2026
2	*«Қамқор» жобасы* аясында Қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген – ел ардақты» іс-шарасы	Жергілікті тұлғалармен кездесу ұйымдастыру, Дөңгелек үстел, пікір алмасу, эссе	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева, А.Арын Тәлімгер: А.Сманова	01.10.2026
3	**«Даналық ұстаздан» челленджі**	Концерттер, челленджер, дөңгелек үстел т.б.	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова Тәлімгер: А.Сманова Мектеп парламенті Сынып жетекшілер	05.10.2026
4	«Мектеп журналистері» - мүдделі мемлекеттік ұйым қызметкерлерінен сұхбат алу ***(құндылық айы аясында)***	Сұхбат, интервью	Тәлімгер: А.Сманова Мектеп парламенті, білім алушылар	08.10.2026
5	**«Teacher for a Day» – Ұстаз орнында бір күн**	Дублер күні	ДТЖО, 11-сынып жетекшілері	05.10.2026
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
6	**Сынып сағаты** **Ойынға салауатты көзқарас**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	05.10.2026
7	**«Қауіпсіз жол» алдын алу іс-шарасы**	Танымдық ойын сабағы	Тәлімгер: А.Сманова Мектеп парламенті 1-4 сынып жетекшілері	06.10.2026
8	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында **«Күзгі асар» жәрмеңкесі**	Жәрмеңке	Педагог-ұйымдастырушы: Р.Алимбекова Тәлімгер: А.Сманова	09.10.2026

Scanned with CamScanner

			Мектеп парламенті	
9	10 қазан – Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне арналған ақпараттық-ағартушылық іс-шараларын өткізу: *- «Менің эмоцияларым» психологиялық тренингі (1–4 және 5–7 сыныптар);* *«Күйзелісті қалай басқаруға болады?» практикалық семинар-тренинг (8–11 сыныптар) және т.б.*	Тренинг, акция, шығармашылық көрме, психологтан кеңес, жаднамалар әзірлеу, психологиялық практикум	Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	12.10.2026
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
10	**ЭКО сағат:** Әр тамшының сұрауы бар: суды үнемдеу – өзімізден басталады!	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	12.10.2026
11	«Сенім көпірі: мен сені мақтан тұтамын, себебі…»	Білім алушылар мен ата-аналарға арналған тренинг	9-10 сынып жетекшілері, Әкелер алаңы	15.10.2026
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
14	**Сынып сағаты : «Жақсылық жаса – лайк жина!»** Буллингтен қорған! «ДосболLike» жобасы асында	Сынып сағаты	1-11 сыныптар Сынып жетекшілер	19.10.2026
15	**«Республикам – мақтанышым»** Республика күніне арналған мерекелік іс-шаралар	Мерекелік іс-шаралар	Педагог –ұйымдастырушы: Р.Алимбекова Тәлімгер: А.Сманова 1-11сыныптар	23.10.2026
16	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел, профилактикалық дәріс	ДТЖЖО: С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова 8-11 сыныптар	21.10.2026
17	**«Кейіпкердің таңдауы»** кейіпкердің әрекетін, шешімін, салдарын зерттейді	«Кейіпкер шешімі» картасы	Кітапхана меңгерушісі: Б.Анарбаева 1-11 сыныптар	22.10.2026

Scanned with CamScanner

	(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)			
	Күзгі демалыс 28.10.2026-01.11.2026			
	II ТОҚСАН **ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ** 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні 2 қараша – Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл (1841–1889)			
Апта дәйексөзі:	Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым!			
1	**<u>Сынып сағаты</u>** **«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»**	Сынып сағаты	Білім беру ұйымдары	02.11.2026
2	Қауіпсіздік ережелерін үйретуге арналған тренингтер (өрт қауіпсіздігі, терроризмге қарсы күрес, алғашқы медициналық көмек көрсету)	Тренингтер	АӘД пәнінің мұғалімі; Б.Журсинов	03.11.2026
3	«Саламатты мектеп» жобасы аясында «Жасөспірім кезеңдегі ағзадағы өзгерістер»	дәріс	Әлеуметтік педагог: Қ.Мұсақұлова А.Базарбаева 1-11 сыныптар Мектеп медбикесі: К.Игиликова	04.11.2026
4	«DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар ***(2-тоқсан)*** **<u>ЕБҚ оқушылармен жұмыс</u>**	Ойындар, шығармашылық тапсырмалар, тренингтік жаттығулар, дидактикалық ойындар, дөңгелек үстел және т.б.	Дефектолог: Р.Кенес	05.11.2026
5	**<u>Сынып сағаты</u>** **«Теңге тарихы – Тәуелсіздік тарихы»**	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілер	09.11.2026
6	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні**	Пікірталас алаңы	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова	12.11.2026

Scanned with CamScanner

			Тәлімгер: А.Сманова	
7	«Жетістікке жетудің кілті - жауапкершілік пен ынтымақтастық» 1-4 сынып «Жасөспірімнің тұлғалық дамуы: отбасы мен мектептің серіктестігі» 5-8 сынып «Жетістікке жету жолындағы ынтымақтастық: оқу, тәрбие және кәсіби бағдар» 9-11 сынып	**ата-аналар жиналысы**	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, Ата-аналар	13.11.2026
Апта дәйексөздері: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
8	**ЭКО сағат: «Су ізі: әр адамның жауапты таңдауы»**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	16.11.2026
9	« О **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	1 минуттық book-talk бейнеролик	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 1-11 сынып жетекшілер	18.11.2026
10	«Мектеп журналистері» - мүдделі мемлекеттік ұйым қызметкерлерінен сұхбат алу ***(құндылық айы аясында)***	Сұхбат, интервью	ҚББП; Г.Тұяқова Үйірме жетекшілері	19.11.2026
Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!				
11	**Сынып сағаты :Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	23.11.2026
12	«Өмерге салауатты қадам», «Саламатты мектеп» жобалары аясында «Туберкулездің алдын алу», «Шылым шегудің ағзаға зияны», «Қант диабеті кезінде қалай тамақтану қажет»	Әңгіме, дәріс	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова Мектеп медбикесі: К.Игілікова	24.11.2026
13	«Есірткі және құқықбұзушылық»	Ашық есік күні: «СӨС» орталығының, наркологиялық орталық қызметкерлерімен кездесу	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова 8-9 сынып жетекшілері Медицина қызметкерлері	25.11.2026

Scanned with CamScanner

14	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел, профилактикалық дәріс	ДТЖЖО; .К.Динасилов, Г.Т.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева, А.Арын	27.11.2026ж
15	Ата-аналарды қолдау орталықтары, «Даналық мектептері» аясында өткізілетін іс-шаралар	Ашық есік күндері	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова ата-аналар, оқушылар	27.11.2026
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Апта күндері: Бірлігі күшті ел озады				
1	**Сынып сағаты** 5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күні орай **«Менің игі ісім – қоғамға үлесім»**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар Сынып жетекшілер	30.11.2026
2	«Өмірге жауапкершілікпен қара!» интерактивті семинар (Ерте жүктіліктің, АИТВ/ЖИТС-тың, жұқпалы аурулардың алдын алу және жыныстық гигиена) (8-11 сыныптар)	кейстер мен сұрақтар, бейнематериалдар және таратпа материалдар қолданылатын интерактивті дәріс	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова Педагог-психолог; Ф.Жумабаева, А.Арын Медицна қызметкерлері	02.12.2026
3	«Қамқор» жобасы аясында «Қамқорлықтан – көшбасшылыққа» апталығы	Апталық жоспары Волонтерлікті іске асыруға бағытталған апталық	Педгог-ұйымдас;Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова мектеп парламенті, 9-11 сыныптар	03.12.2026
4	«Кітаптағы құндылық – менің әрекетім» Шығармадағы бір құндылықты таңдап, таңдалған құндылықты күнделікті өмірде нақты әрекетпен көрсетеді **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	«7 күн – 1 құндылық» челленджі	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 1-11 сыныптар	04.12.2026
Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді				

Scanned with CamScanner

5	**Сынып сағаты : Еркін елдің ертеңі – біз»**	Сынып сағаты (Топпен немесе жұппен жұмыс)	1-11 сынып жетекшілері	07.12.2026
6	Тәуелсіздік күніне арналған **«Ұлттық ойындар FEST»** **ЕБҚ оқушылармен жұмыс**	Спорттық іс-шаралар	Дефектолог: Р.Кенес Дене шынықтыру бірлестігі, Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті	08.12.2026
7	«Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы іс-шара	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева Қазақ тілі бірлестігі Ғ.Демеуова А.Сабырханова, Ж.Күреңбаева	09.12.2026
Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас				
8	**ЭКО сағат: «Суды тиімді пайдалану: есептейміз, бақылаймыз, үнемдейміз»**	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	14.12.2026
9	**«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы»** тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар	Танымдық іс-шаралар	Бастауыш бірлестігі Бірлестік жетекшісі; М.Тулемисова 4-сыныптар	15.12.2026
10	**«Ойынға салауатты көзқарас»** құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін іс-шаралар (ойын құмарлықтың алдын алу)	Профилактикалық іс-шара	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова 5-11 сыныптар	16.12.2026
11	**Баспасбұрынойлан»** Әр сынып кибербуллингтің алдын алу туралы қысқа ролик түсіреді	60 секундтық әлеуметтік бейнероликтер	Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті, 11-сыныптар	
Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				

Scanned with CamScanner

12	**Сынып сағаты: «Бірлік пен ынтымақ – елдің мызғымас күші»** құндылық бағыты: «Бірлік және ынтымақ»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	21.12.2026
13	**«Жетістігімді еліме арнаймын»**	Марапаттау жиыны	Педагог-ұйымдас; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова 1-11 сыныптар	22.12.2026
14	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар Ата-аналар жиналысы	Ашық есік күндері Хаттама	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	24.12.2026
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				
Апта дәйексөзі: Талап бар жерде тәртіп бар				
1	**Сынып сағаты**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	11.01.2027
2	«Заң мамандықтары» кәсіптік бағдар беру	Мотивациялық кездесу, кәсіптік бағдар беру жұмыстары	Кәсіптік бағдар беруші; Ж.Амиралиев 8-11 сыныптар	12.01.2027
3	**«DosbolLIKE»** балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар ***(3-тоқсан)*** **«Дос болайық, бірге болайық!»**	Ойындар, дебат, тренингтік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, дөңгелек үстел және т.б.	Педагог-ұйымдас; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті 5-11 сынып жетекшілері	13.01.2027
4	«Кітаптағы және өмірдегі өзекті мәселе» шығармадағы *проблеманы қазіргі өмірмен салыстырады, мәселеге кемінде 2 шешім ұсынады және ең тиімдісін дәлелдейді* **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Мәселе + шешім картасы	Кітапханашы меңгеруші; Б.Анарбаева 10-11 сынып жетекшілері	14.01.2027
Апта дәйек сөзі: Тәртіп – тәрбие бастауы				

Scanned with CamScanner

5	**Сынып сағаты** Буллингтен қорған бағыты бойынша **«Жақсылық таңда – досыңды таңда!»**	Көрнекі сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	18.01.2027
6	«Нағыз ер азамат болу – намыс пен жауапкершілік» **ЕБҚ оқушылармен жұмыс**	6–11 сынып ұлдарымен ашық диалог	Әлеуметтік педагог; Қ.Мұсақұлова, А.Базарбаева Дефектолог; Р.Кеңес А.Сманова Әкелер алаңы	19.01.2027
7	«Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық» профилактикалық тренинг	Профилактикалық тренинг	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Құқық қорғау органдарымен кездесу	20.01.2027
Апта дәйексөзі: Әділ заң – аспан тірегі				
9	**Сынып сағаты** **«Заң және тәртіп» құндылығы**	Сынып сағаты	5-11 сынып жетекшілері	25.01.2027
10	«Заң балалардың көзімен»	Сурет байқауы	ҚББП; Г.Тұяқова Үйірме жетекшісі:С.Тоқсанбаев	26.01.2027
11	«Отбасы құндылықтары және заң мен тәртіп» 1-4 сынып «Отбасы құндылықтары және заң мен тәртіп: ортақ жауапкершілік» 5-8 сынып «Отбасы құндылықтары және заң мен тәртіп ортақ жауапкершілік» 9-11 сынып	№3 ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері	27.01.2027
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
1	**Сынып сағаты** **Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	01.02.2026
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала				
3	**Сынып сағаты** **Буллингтен қорған!**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	08.02.2027

Scanned with CamScanner

4	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел , профилактикалық дәріс	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова Құқық қорғау органдары	09.02.2027
5	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында **«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі**	Челлендж	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті 1-11 сыныптар	10.02.2027
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер				
7	Сынып сағаты: **«Жасампаздық – жетістікке бастар жол»** /сыныптағы шығармашыл, өнерлі өнерпаз оқушыларды дәріптеу/	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	15.02.2027
8	«Жасампаз әке – жаңашыл ұрпақ»	Шығармашыл әкелерден сұхбат алу	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова Педагог-ұйымдас;Р.Алимбекова «Әкелер алаңы» мектебі	16.02.2027
9	«Менің пікірім маңызды» *әртүрлі көзқарастарды салыстырып, пікірталасқа қатысады, қарсы пікірді тыңдап, өз ұстанымын дәлелмен қорғайды* **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Дебат	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 9-10 сынып жетекшілері	17.02.2027
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
11	**<u>Сынып сағаты</u>** **Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік**	Профилактикалық іс-шаралар	1-11 сынып жетекшілер	22.02.2027
12	«Қамқор» жобасы, Алғыс айту күні аясында «Қоғамға қызмет күні» іс-шарасын өткізу	Нақты орындалған игі іс	Педагог-ұйымдас;Р.Алимбекова Әлеуметтік педагог; Қ.Мұсақұлова,А.Базарбаева Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті	23.02.2027

Scanned with CamScanner

13	«Кәсіптер әлемінде» кәсіптік бағдар беруге арналған іс-шаралар	Кәсіптік бағдар беру жұмысы	Кәсіптік бағдар беруші; Ж.Амиралиев 8-11 сыныптар	24.02.2027
14	Ата-аналарды қолдау орталығының іс-шаралары	Ашық есік күндері	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	25.02.2027
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 15 наурыз – Конституция күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
1	**Сынып сағаты** Алғыс – ізгі ниет	Сынып сағаты	1—11 сыныптар	01.03.2027 (08.03.2027 қосу, 15.03.2027 қосу)
2	«Кітаптағы ұлттық код» *ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, тарихи-мәдени мағынаны іздейді, бір құндылықты бүгінгі өмірмен байланыстырып түсіндіреді* **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	«Ұлттық құндылық картасы»	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 9 сынып жетекшілері	02.03.2027
3	«Ардақты ана – отбасының шамшырағы» іс-шара	Іс-шаралар	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Сынып жетекшілер	05.03.2027
5	**«Ойынға салауатты көзқарас»** ата-аналардың құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлескен кездесулері	Дөңгелек үстел	8 сынып жетекшілері Әкелер мектебі	09.03.2027

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

1	«Құстар біздің досымыз» экологиялық акция	Челленджер, құс ұясын жасауға шебер-сыныптар т.с.с	ҚББП; Г.Тұяқова Үйірме жетекшілері Тәлігер; А.Сманова Мектеп парламенті, 4- сынып жетекшілері	Сәуір 1-апта
2				
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
3	**Сынып сағаты «Біз таңдаған кітаптар»**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар Сынып жетекшілері	05.04.2027
4	**«Өмірге салауатты қадам»** жобасы, Дүниежүзілік денсаулық күні аясындағы іс-шаралар	Іс-шаралар	Әлеуметтік педагог; Қ.Мұсақұлова, А.Базарбаева Мектеп медбикесі; К.Игиликова сынып жетекшілер	07.04.2027
5	«Таза аула – таза қоғам» сенбілігі	Сенбілік	Мектеп әкімшілігі, 1-11 сыныптар, ата-аналар	Сәуір айы 2-апта
8	Жазғы лагерьге дайындық, құжаттарды ресімдеу, балалардың тізімін жинақтау	Дайындық жұмыстары	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова Әлеуметтік педагог: Қ.Мұсақұлова, А.Базарбаева	Сәуір айы 2-апта
Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
9	**ЭКО сағат: «Өзендерді сақтайық: экологиялық мәдениеттен нақты әрекетке»**	Сынып сағаты	1—11 сыныптар	12.04.2027
11	**«Қоғамдық мүлікті қорға»** жобасы аясында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова 7 сынып оқушылары	13.04.2027
12	«DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар ***(4-тоқсан)***	Ойындар, шығармашылық тапсырмалар, тренингтік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, дөңгелек үстел және т.б.	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті	14.04.2027
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				

13	**Сынып сағаты**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	19.04.2027
14	Оқушылардың академиялық адалдыққа баулуға, емтихан алдындағы қорқынышты азайтуға бағытталған іс-шаралар жүргізу	Тренингтер	Педагог-психолог; Ф.Жумабаева, А.Арын	20.04.2027
15	«Кітаптан – нақты әрекетке» *кітап идеясынан жеке немесе топтық бастама шығарады* **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Оқығанынан туындаған бір нақты пайдалы әрекетті жүзеге асырады	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 8 сыныптар Сынып жетекшілер	21.04.2027
16	«Мамандықтар әлемі» – кәсіптік бағдар беру жәрмеңкесі	**Өткізу формасы:** жоғары сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру, кәсіп иелерімен кездесу, мамандықтар бойынша ақпараттық алаңдар, шеберлік сағаттары және интерактивті тапсырмалар	Кәсіптік бағдар беруші; Ж.Амиралиев 9, 10,11- сыныптар	22.04.2027
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
17	**Сынып сағаты** (Бірлік сабақтары) «Бір шаңырақ астында»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	26.04.2027
18	«Әке – Үлгі. Бала – Ұрпақ. Табиғат – Өмір» экологиялық акция **«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі**	Экологиялық акция	ДТЖЖО; С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова Тәлімгер; А. 1, 11- сыныптар	27.04.2027
19	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Dostyq FEST»	Шығармашылық фестиваль	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті	28.04.2027
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				

Scanned with CamScanner

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
1	**Сынып сағаты** «Бір сынып – бір команда – бір мақсат»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар Сынып жетекшілер	03.05.2027
2	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күні мерекесіне арналған іс-шаралар	Түрлі форматтағы іс-шаралар	Педагог-ұйымдастарушы; Р. Алимбекова Сынып жетекшілер Тәлімгер; А.Сманова	Мамыр 1-апта
Апта дәйектері: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
4	**Сынып сағаты** Буллингтен қорған! «Мені ренжітпе: құрмет – біздің таңдауымыз»	Алдын алу іс-шарасы	1-11 сыныптар Сынып жетекшілер	10.05.2027
5	Аналар күні аясында **«Анашым, төрлетіңіз!»** ашық диалог	Мерекелік кездесу, меркелік сұхбат	ҚББП;Г.Тұяқова Үйірме жетекшілері Педагог-ұйымдастарушы; Р. Алимбекова Сынып жетекшілер	11.05.2027
6	Аналар күні аясында «Жүрегімдегі ең әдемі есім»	11-сынып түлектерінің аналарға алғысы (видеоролик)	Тәлімгер; А.Сманова Мектеп парламенті 11- сыныптар	11.05.2027
7	**Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы**	Фотосуреттер, суреттер көрмесі	ҚББП; Г.Тұяқова Үйірме жетекшілері	14.05.2027

Scanned with CamScanner

			Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Тәлімгер; А.Сманова 1-11 сыныптар	
8	«9 ай - 9 кітап. Мендегі өзгеріс» *«Мен не оқыдым?» емес, «Оқығаным мені қалай өзгертті?» деген сұраққа жауап береді* **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Жеке оқу портфолиосы + рефлексия	Кітапхана меңгерушісі; Б.Анарбаева 7 сыныптар Сынып жетекшілер	13.05.2027
Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)				
9	«Оқу жылының қорытындысы: жетістікке бірге қадам, қауіпсіз жаз» 1-4 сынып «Оқу жылының қорытындысы: жетістік, жауапкершілік және қауіпсіз жаз» 5-8 сынып «Оқу жылының қорытындысы: жетістік, қауіпсіз жаз және болашаққа бағдар» 9-11 сынып	**№4 ата-аналар жиналысы**	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	Мамыр 4-апта
Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
10	**С** **ы**	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	24.05.2027
11	Эссе «Бүгінгі арман – ертеңгі шындық» (5-10 сыныптар)	Эссе	Педагог-ұйымдастырушы; Р.Алимбекова Қазақ тілі бірлестігі	Мамыр 4-апта
12	Мектеп бітіру іс-шарасы	Салтанатты іс-шара	ДТІЖО 11- сынып жетекшілері	25.05.2027
МАУСЫМ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні 4 маумыс – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні Маусымның үшіншы аптасы – Әкелер күні				
Апта дәйексөзі: «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің айғағы, тәуелсіздігіміздің тұғыры»				

Scanned with CamScanner

1	Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар	Іс-шаралар	ДТІЖО	Маусым 1-апта
2	Мектеп базасында жазғы мектепішілік лагерьді ашу және оның жұмысын ұйымдастыру	Жазғы лагерь жұмысы	ДТІЖО	Маусым 1-апта
3	«Жасыл ел» жастар еңбек отрядтары аясында, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасыларда тәрбиеленушілерді маусымдық жұмыспен қамтамасыз ету	«Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру	Әлеуметтік педагог	Маусым 1-апта
4	«Рәміздер сөйлейді: тарих, тағылым, мақтаныш»	Дебат, зияткерлік ойындар, тәрбие сағаттары	Педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер	Маусым 1-апта
Апта дйексөзі: Бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды				
5	Әкелер күніне арналған әлеуметтік желілерде әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі туралы «Tarbie» челленджін өткізу: әлеуметтік желілерде #Tarbie хэштегімен бейне және фото материалдарды орналастыру	Челлендж	Педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер	Маусым 2-апта
6	9 және 11-сынып бітіруші түлектеріне аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасын ұйымдастыру және өткізу	Салтанатты іс-шара	ДТІЖО	Маусым 2-апта

Ескертпе:

* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.

** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепішілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.

***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.

**** Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

Scanned with CamScanner